

ҚОРҒАЛЖЫН ӨңІРІНІҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Иманов Е.А.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD - Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

erkinimanov1@gmail.com

Кіріспе

Бұл мақала Қорғалжын өңірінің жер-су атауларының тарихи, географиялық және мәдени негіздерін кешенді талдауға бағытталған. Сарыарқа аумағындағы бұл өңір көптеген көне топонимиялық қабаттарды сақтаған бірегей аймақ болып саналады. Зерттеу барысында жоңғар шапқыншылығына дейінгі және кейінгі атаулардың өзгеруі, патшалық Ресейдің отарлау саясатының топонимдерге ықпалы, XX ғасырдың басындағы әкімшілік-статистикалық деректердің мәні және көшпелі мәдениеттің атауларға әсері қарастырылды. Материалдық база ретінде XIX-XX ғасыр басындағы әскери-топографиялық карталар, Қорғалжын болысының 1925-1927 жылдардағы архивтік құжаттары, болыстық карталар, жер пайдалану бөлімінің сызбалары және Нұра-Есіл өзендерінің арналарын реттеуге қатысты материалдар қолданылды. Сондай-ақ еуропалық зерттеушілердің жазбалары, қазақ ономастикасына арналған ғылыми еңбектер және ауызша деректер қосымша салыстырылды. Зерттеу нәтижелері табиғи ландшафт пен топонимдердің өзара байланысын айқын көрсетті: Теңіз, Қорғалжын, Саумалкөл, Сарыкөл, Бездек, Бірқоғалы тәрізді су атаулары өңірдің гидрологиялық ерекшелігін сипаттайды, ал Серкебай, Бидайық, Коянды, Аркалық сияқты қоныс атаулары әлеуметтік құрылым мен шаруашылық дәстүрлердің ізі екенін дәлелдейді. Сонымен бірге 1925-1930 жылдардағы құжаттардағы атаулардың төте жазумен сақталуы тарихи нұсқаның жоғалып кетпеуіне жағдай жасағаны анықталды. Жалпы алғанда, Қорғалжын өңірі топонимиясы аймақтың тарихи жады, этникалық ерекшелігі және табиғи ортасы туралы құнды ақпарат береді. Зерттеу аймақтық ономастиканы жүйелі зерттеудің маңызын арттырады және болашақ ғылыми жұмыстарға негіз бола алады.

Түйін сөздер: Қорғалжын өңірі, топонимия, жер-су атаулары, архив материалдары, картография, Сарыарқа, ономастика, тарихи география, табиғи ландшафт, көне атаулар.

Аннотация

В данной статье проводится комплексный анализ историко-географического, культурного и лингвистического содержания топонимов Коргалжынского региона. Этот район Сарыарки является уникальной территорией, сохранившей древние слои топонимики и отражающей многовековые природные и социально-исторические процессы. В исследовании рассматриваются изменения названий до и после джунгарских нашествий, влияние колонизационной политики Российской империи, административно-статистические преобразования начала XX века, а также роль кочевой культуры в формировании названий. Материалы исследования включают военно-топографические карты XIX - начала XX века, архивные документы волости Коргалжын за 1925-1927 годы, болыстық картты, материалы земельного отдела и технические схемы по регулированию русел рек Нуры и Ишима. Дополнительными источниками послужили труды европейских исследователей, научные работы по казахской ономастике и устные сведения. Результаты анализа показывают тесную взаимосвязь природного ландшафта и топонимии: такие названия, как Тенгиз, Коргалжын, Саумалколь, Сарыколь, Бездек, Биркогалы, отражают гидрологические, эколого-биогеографические особенности региона. А названия населённых пунктов и урочищ - Серке-бай, Бидайық, Коянды, Аркалык и др. - связаны с этносоциальной структурой и хозяйственными традициями местного населения. Особое значение имеют документы 1925-1930 годов, где топонимы зафиксированы арабской графикой, что позволило сохранить их первоначальные формы. В целом топонимия Коргалжынского региона выступает важным источником сведений об исторической памяти, этнической специфике и природной среде Сарыарки. Исследование подчёркивает необходимость системного изучения региональной ономастики и создаёт основу для дальнейших научных работ.

Ключевые слова: Коргалжынский регион, топонимия, названия местности, архивные материалы, картография, Сарыарқа, ономастика, историческая география, природный ландшафт, древние топонимы.

Abstract

This article provides a comprehensive analysis of the historical, geographical, cultural, and linguistic aspects of the toponyms of the Korgalzhyn region. Located in the Saryarka steppe, the area preserves ancient layers of place names that reflect long-standing natural processes and socio-historical developments. The study

examines the transformation of toponyms before and after the Dzungar invasions, the impact of the Russian Empire's colonization policy, the administrative changes of the early twentieth century, and the influence of nomadic culture on naming traditions. The research is based on a diverse set of sources, including nineteenth- and early twentieth-century military-topographic maps, archival documents of the Korgalzhyn volost from 1925-1927, volost boundary maps, land-use documentation, and technical schemes related to the redirection of the Nura and Ishim river channels. Additional comparative materials include European travel accounts, scholarly works on Kazakh onomastics, and oral evidence collected in the region. The findings reveal that the toponymy of Korgalzhyn is closely linked to the natural landscape. Hydronyms such as Tengiz, Korgalzhyn, Saumalkol, Sarykol, Bezhdek, and Birkogaly describe hydrological, ecological, and biogeographical features of the area. Names of settlements and localities—such as Serkebai, Bidayyk, Koyandy, and Arkalyk—reflect clan structures, social relations, and traditional pastoral practices. Archival documents from 1925-1930, recorded in Arabic script, preserved the authentic phonetic form of many place names, making them valuable linguistic evidence. Overall, the toponymy of the Korgalzhyn region serves as an important source of historical memory, ethnic identity, and environmental knowledge. This research highlights the significance of systematic regional onomastic studies and provides a solid foundation for future scholarly investigation.

Keywords: Korgalzhyn region; toponymy; historical geography; hydronyms; Saryarka; archival maps; Kazakh onomastics; landscape terminology; Nura River; Tengiz Lake.

Кіріспе

Қазақстанның тарихи географиясын зерттеуде жер-су атаулары-халықтың кеңістікті тану жүйесін, табиғатпен байланысын, этникалық қоныс аудару бағыттарын және тарихи оқиғаларды дәл бейнелейтін ең тұрақты дереккөздердің бірі. Әсіресе Сарыарқаның батыс бөлігінде орналасқан Қорғалжын өңірі топонимиялық тұрғыдан да, тарихи-мәдени маңызы жағынан да аса ерекше аймақтардың бірі болып саналады. Өңірдегі атаулар ғасырлар бойғы табиғи, саяси және этно-мәдени өзгерістерді бойына сіңіріп, бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен құнды ономастикалық қабаттың негізін құрайды. Қорғалжын атауының шығу тегі жөнінде түркілік «қорғал»- қорғау, қалқан болу деген түбірмен байланысты түсіндірмелер бар, бұл аймақтың тарихи-географиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарғанын дәлелдейді [8]. Жер-су атауларының өзгеру динамикасы да өңірдің тарихи оқиғалармен тығыз байланысын айғақтайды. Мысалы, көне және ортағасырлық карталарда Балқаш көлі «Көк теңіз», ал қазіргі Теңіз-Қорғалжын көлдер жүйесі «Қамысты көл» деп көрсетілген [1,1176]. Мұндай атаулардың трансформациясы жоңғар шапқыншылығы, көші-қон бағыттарының өзгеруі және саяси жағдайлардың алмасуы нәтижесінде қалыптасқан. Қорғалжын өңірінің топонимиялық жүйесі табиғи ландшафтпен тікелей байланысты. Теңіз, Қорғалжын, Аққұм, Қарасор, Сабынды, Бірқазан сияқты атаулар көлдер морфологиясын, жағалаулардың топырақ құрамын, құстар миграциясы өтетін экологиялық аймақтарды және халық шаруашылығының негізгі бағыттарын сипаттайды. Мұндай атаулардың дәлдігі қазақ халқының табиғатты бейнелеу және географиялық нысандарды атау дәстүрінің тереңдігі мен нақтылығын көрсетеді. Өңірдің тарихи топонимиясын қалпына келтіруде ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысындағы патшалық Ресейдің архив құжаттары, болыстар мен ауылдардың картографиялық материалдары ерекше рөл атқарады. Нұр-Сұлтан қаласының архивіндегі 244-қор, 19-іс және 261-іс сақтаған деректер Қорғалжын болысының нақты жер-су атауларын, өзен арналары мен қыстаулардың орналасуын дәл көрсетеді. Бұл материалдардың бір бөлігінің төте жазумен жүргізілуі қазақы атаулардың түпнұсқа нұсқаларының сақталуына мүмкіндік берген. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Қорғалжын мемлекеттік қорығының құрылуы және өңірдің Рамсар конвенциясы бойынша халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқап ретінде танылуы аймақ топонимиясына жаңа ғылыми, экологиялық мазмұн берді. Ескі атаулар табиғи-биологиялық терминдермен ұштасып, қазіргі ономастикалық саясатта тарихи атауларды қалпына келтіру үдерісі негіз болды. Қорытындылай келе, Қорғалжын өңірінің жер-су атаулары - тарихи жады мен табиғи-географиялық ақпараттың тұтасқан жүйесі. Бұл мақалада өңірдің негізгі топонимдері тарихи деректер, картографиялық материалдар және ғылыми әдебиеттер негізінде талданып, олардың шығу тегі мен маңызы жан-жақты қарастырылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеуде Қорғалжын өңірінің тарихи топонимиясын анықтау және жүйелі түрде сипаттау мақсатында әртүрлі тарихи кезеңдерге қатысты дереккөздер кешені және өзара толықтыратын ғылыми әдістер қолданылды. Негізгі материалдық база ретінде ҚР Ұлттық архивінің 244-қорындағы 261-іс - Қорғалжын болысының 1926-1927 жылдарға арналған әкімшілік-құқықтық және статистикалық құжаттары, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архивіндегі болыстар карталары мен жер пайдалану бөлімінің сызбалары алынды [3, 261-іс]. Бұл деректер ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысындағы Қорғалжын өңірінің нақты жер-су атауларын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін негізгі материал ретінде қарастырылды. Архив материалдарымен қатар патшалық Ресейдің әскери-топографиялық

карталары, статистикалық шолу еңбектері және Сарыарқа аумағын зерттеген орыс ориенталистері мен европалық ғалымдардың картографиялық еңбектері пайдаланылды. Мысалы, С. Ремезовтың «Чертежная книга Сибири» атты еңбегі (1701/1882) өңірдің ерте кезеңдегі географиялық нұсқаларын салыстыруға мүмкіндік берсе, XIX ғасырдағы «Краткая Сибирская летопись» пен П. Рычков, Г.Ф. Миллер, А. Левшин сияқты зерттеушілердің жазбалары аймақтың тарихи-этнографиялық жағдайын түсіндіруге көмектесті [5, 506;6, 876]. Осы деректер қазіргі Қорғалжын өңіріндегі Теңіз, Сабынды, Қарасор, Қарақойын, Аққұм секілді атаулардың тарихи нұсқаларын салыстыру мен лингвистикалық сәйкестігін анықтауда маңызды негіз болды. Зерттеудің әдістемелік негізін бірнеше бағыттағы тәсілдер құрады. Біріншіден, тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылып, әртүрлі кезеңдегі топонимдердің жазылу ерекшеліктері, дыбыстық өзгерістері және мағыналық трансформациясы анықталды. Бұл әдіс арқылы жоңғар шапқыншылығына дейінгі және кейінгі атаулардың айырмашылықтарын, отарлық кезеңдегі өзгерістердің деңгейін бағалауға мүмкіндік туды [1,117]. Екіншіден, картографиялық талдау жүргізіліп, тарихи карталар қазіргі географиялық координаталармен салыстырылды. «Карта по Кургалджинской области» [4,ic-19] және XIX-XX ғасырлардағы әскери-топографиялық карталардағы атаулар қазіргі нұсқалармен салыстырылып, атаулардың кеңістіктік таралу логикасы айқындалды. Үшіншіден, лингвистикалық-этимологиялық талдау жүргізіліп, атаулардың түбірі, семантикалық мазмұны, табиғи нысанның сипатына сәйкестігі анықталды. Бұл тәсіл қазақ халқының табиғи объектілерге атау беру мәдениетін, көне түркілік лексикалық қабатты және жергілікті диалект ерекшеліктерін тануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар жүйелі-классификациялық әдіс арқылы топонимдер бірнеше санатқа бөлінді: табиғи нысандар (көл, өзен, сор, жыра), шаруашылыққа қатысты атаулар (қыстау, жайлау), антропонимдік негіздегі атаулар (ауылдар, қыстақтар), флора-фаунаға байланысты атаулар. Бұл әдіс өңір ономастикасының ішкі логикасын түсіндіруге, атаулардың пайда болу мотивтерін ашуға жағдай жасады. Жоғарыда көрсетілген дереккөздер мен әдістердің үйлесімді қолданылуы Қорғалжын өңірінің жер-су атауларының тарихи негізін, семантикалық құрылымын және аймақ топонимиясының мәдени-тарихи ерекшеліктерін кешенді түрде зерделеуге толық мүмкіндік берді.

Талқылау

Қорғалжын өңірінің тарихи топонимиясын зерттеу барысында жинақталған деректер бұл аймақтың жер-су атаулары көпқабатты, күрделі тарихи-географиялық процестерді бейнелейтінін анық көрсетті. Жер атауларының әрбір қабаты белгілі бір тарихи кезеңнің тілдік, мәдени және саяси лексикасын сақтай отырып, аймақтың өткені туралы жан-жақты мәлімет береді. Осы тұрғыдан алғанда, Қорғалжын топонимиялық жүйесі Сарыарқа кеңістігіндегі табиғи орта, қоныс тарихы, ландшафттық өзгерістер және халықтың шаруашылық тәжірибесі жайлы маңызды ақпарат жеткізеді. Бірінші айқындалған ерекшелік - өңір атауларының жоңғар шапқыншылығына дейінгі және кейінгі нұсқалары арасындағы айырмашылық. Ежелгі атаулар табиғи ортаны толық сипаттайтын, адамның күнделікті тіршілігімен тығыз байланысты байырғы сөздік қордан құралған. Балқаш көлінің «Көк теңіз», Теңіз-Қорғалжын ойпатының «Қамысты көл» деп аталуына қатысты деректер бұл атаулардың көлдердің түсін, өсімдік жамылғысын, су айдынының көлемін дәл бейнелегенін көрсетеді [5;7]. Осы кезеңде пайда болған атаулардың семантикалық табиғаты ең алдымен ландшафттық белгілерді көрсетуге бағытталған. Мысалы, Аққұм, Қарасор, Сасықсор сияқты атаулар жердің түсі мен табиғи қасиеттерін сипаттайды. Патшалық Ресей кезеңі топонимиялық өзгерістердің екінші толқынын қалыптастырды. Әкімшілік-территориялық қайта құрулар, жаңа болыстық орталықтардың ашылуы, орыс қоныстанушыларының келуі қазақша атаулардың орыс транслитерациясына бейімделуіне алып келді. Бұл кезеңде көптеген атаулар дыбыстық өзгеріске ұшырап, кейбірі жаңаша жазыла бастады. Мысалы, Қорғалжын атауы әр картографта Хоргальджин, Хоргальчин, Коргалджин деп түрлі нұсқаларда белгіленген [4,ic-19]. Мұндай фонетикалық өзгерістер сол дәуір картографтарының қазақ тілінің фонетикалық жүйесін толық білмеуімен де байланысты. Бұл құбылысты В.В. Радлов пен Н.А. Баскаков еңбектерінен де байқауға болады-олар дала топонимиясының орыс жазылымдарындағы ауытқуларын көрсеткен. XX ғасыр басындағы архив материалдары Қорғалжын топонимиясының ең дәл, сенімді нұсқасын ұсынатын деректер қатарына жатады. Архив құжаттарында кездесетін атаулардың көпшілігі қазақша түпнұсқа қалпын сақтаған, себебі шалғай болыстарда құжаттар төте жазумен жүргізіліп, орысша нұсқалар тек кейіннен аударылған [3, 261-ic]. Бұл жағдай өңірдің топонимиялық жүйесін басқа аймақтарға қарағанда әлдеқайда тұрақты сақтап қалуға мүмкіндік берген. Мысалы, Қорғалжын болысына қарасты Ұялы, Қосмола, Ақкөл, Сабынды сияқты атаулар 1910 жылғы болыстық карталарда дәл қазіргі нұсқаларымен сәйкес келеді. Сол кезеңдегі карталарда әрбір қыстау, жазғы жайлау, қоныс орнының атауы нақты орналасқан жерімен бірге берілгендіктен, бұл мәліметтер топонимдердің тарихи географиясын қалпына келтіру үшін аса маңызды. Зерттеу барысында табиғи орта мен атаулар арасындағы байланыс та ерекше назар аудартты. Қорғалжын - әлемдік маңызы бар Рамсар аумағы, онда

жүздеген құс түрі мекендейді. Осы ерекшелік жер-су атауларынан да көрінеді: Бірқазан, Ителгі, Аққу, Қоқиқаз сияқты зоонимдік топонимдер әртүрлі құстардың миграциялық аймақтарымен тығыз байланысты. Бұл атаулар халқымыздың табиғатты бақылауы мен экожүйе туралы білімін бейнелейді. Лексикалық тұрғыдан бұл атаулар жай ғана географиялық нысан емес, сонымен бірге этноэкологиялық ақпарат тасымалдаушы қызметін атқарады. Картографиялық деректерді тарихи салыстыру нәтижесінде атаулардың даму динамикасы анық көрінді. Мысалы, Фра Мауро картасында кездесетін Carasu, Goktenis сияқты лексемалар кейінгі Сібір жылнамаларында өзгерген нұсқаларымен көрініс тапқан [6]. Бұл топонимиялық морфемалардың ұқсастығы олардың тарихи тұрғыда бір-бірімен байланысты екенін көрсетеді. Қазіргі қолданыстан шығып қалған атаулардың өзі карталарда сақталған нұсқалары арқылы географиялық координаталары мен тарихи мағынасы қалпына келтірілді. Сонымен қатар, Қорғалжын өңіріндегі төбе, өзен, көл атаулары көбіне шаруашылық тәжірибесіне байланысты қалыптасқан. Бозой, Қараөзек, Егіндікөл, Жарқайың сияқты атаулар жердің рельефін, өсімдіктер дүниесін немесе шаруашылыққа қолайлы аймақтарды белгілеген. Бұл аймақтағы топонимдер функционалдық қызмет атқарып, көшпелі мал шаруашылығы жағдайында навигациялық белгі рөлін де атқарған. Қорытындылай келе, Қорғалжын өңірінің жер-су атаулары-ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-мәдени жүйе. Онда халқымыздың табиғатқа көзқарасы, қоныс тарихы, экологиялық тепе-теңдік туралы түсінігі, саяси-әкімшілік өзгерістердің ізі және ұлттық тілдік дәстүр жинақталған. Бұл аймақтың топонимиясын зерттеу тек жер атауларын анықтау ғана емес, сонымен қатар Сарыарқа кеңістігінің тарихи жады мен табиғи-мәдени болмысын тереңінен тануға мүмкіндік береді.

Қорғалжын өңірінің жер-су атаулары аймақтың тарихи, мәдени, географиялық және әлеуметтік құрылымын жан-жақты сипаттайтын көпқабатты дерек көзі болып табылады. Архивтік материалдар мен картографиялық деректерді салыстырмалы талдау нәтижесінде өңір топонимиясының қалыптасуы табиғи ортаның ерекшелігіне, көшпелі өмір салтына, ауылдық қауымның әлеуметтік құрылымына және отарлық кезеңдегі әкімшілік өзгерістерге байланысты қалыптасқанын көруге болады. Бұл зерттеу барысында жиналған деректер атаулардың тұрақтылығы мен тарихи сабақтастығын айқын көрсетіп, Қорғалжын өңірінің топонимиялық жүйесінің өзіндік табиғи және этникалық ерекшеліктерін дәлелдеді. 1925 жылғы Қорғалжын болысының картасы- зерттеу үшін аса құнды дерек. Бұл құжатта көлдер, өзендер, қоныстар, тоғайлар, шабындықтар және ауылдар нақты қазақ тіліндегі атауларымен бірге көрсетілген. Бұл кезеңде билік орталықтандырылып, кеңестік жүйе біртіндеп енгізілгенімен, шалғай болыстарда төте жазумен жүргізілген құжаттар қазақ топонимиясының түпнұсқа нысанда сақталуына мүмкіндік берген. Сол себепті Қорғалжын өңіріндегі атаулар XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін ешқандай бұрмаланусыз жетіп отыр. Өңірдің гидрографиялық жүйесінде кездесетін Жәнібек көлі, Саумал, Сарыкөл, Жайнақ (Жабак), Сасық көл, Арықты көл және Теңіз-Қорғалжын жүйесіне кіретін өзге де су айдындары аймақтың табиғаты мен шаруашылық ерекшелігін көрсетеді. Мысалы, «Сасық көл» атауы химиялық құрамы ерекше, шірінділерге бай суды сипаттайды; «Сарыкөл» атауы судың түсіне байланысты қалыптасқан; «Саумал көл» атауы-суының жұмсақтығын білдіреді. Бұл атаулар табиғи нысандардың физикалық қасиеттерін дәл бейнелейтін, алыстан келе жатқан лексикалық қабатты көрсетеді. Сонымен қатар, бұл көлдер өңірдегі мал шаруашылығы мен аңшылық кәсіпке әсер етіп отырған. Өзендер жүйесі де өңірдің тарихи-географиялық дамуын айғақтайды. Нұра өзені және оның салалары-Өмірзақ, Бірқоғалы және Бездек (Нездек) - аймақтың ежелгі қоныстану құрылымын, су жүйесінің маңызын және егіншілік пен мал шаруашылығының таралу аймақтарын дәлелдейді. Өзен атауларының барлығында қазақтың табиғи-географиялық терминдері кездеседі, бұл өңірдің топонимиялық жүйесінің этникалық табиғатын тағы да растайды. Ауыл атаулары-Қорғалжын өңірінің әлеуметтік құрылысын зерттеудің маңызды кезеңі. Әбдеш, Бек, Алабас, Жүнісбек, Қорғанбай, Бақрам, Көпбай ауылдары - ру басыларының, атақты әулеттердің немесе белгілі адамдардың есімдерін сақтаған тарихи қоныстар. Бұл атаулар көшпелі қоғамда белгілі бір әулеттің жер пайдалану құқығын, қыстаулар мен жайлаулардың ауыспалы сипатын көрсетеді. Мысалы, 1925 жылғы «Бостандық туы» газетінде Сүгірұлы Әділда байдың 500 жылқы ұстағаны туралы дерек келтіріледі [2, 36]. Бұл Сүгір, Әділда сияқты есімдер топонимдер арқылы ауылдардың әлеуметтік мәртебесін көрсеткенін дәлелдейді. Урочище атаулары табиғи ландшафттың құрылымын, экологиялық жағдайды және жергілікті шаруашылықтың бағытын көрсетеді. Жауыр, Арқалық, Шерубай, Ши, Борнақ сияқты атаулар - тоғайлы, қамысты және шабындық аймақтардың табиғи сипаттамасын береді. Олар мал жаюға, шабындық алқаптар ретінде пайдалануға, қысқы қыстау салуға ыңғайлы болған аумақтарды айқындайды. Тұзды көлдер жүйесі Қорғалжын өңірі үшін ерекше маңызды. 1927 жылғы статистикалық құжаттарда Ақмола өңірінде 62 тұзды көл бар екені және олардың ішінде екі Бытығай (Батығай) көлі бөлек көрсетілетіні айтылады. Нұра өзенінің сол жағындағы Бытығай көлі Қорғалжын аумағының тарихи ландшафтына кіретінін растайтын деректер бар. Бұл атау өңірдегі Бытығай ескерткіштерімен және көне қорымдармен байланысты болуы мүмкін. Жалпы алғанда, Қорғалжын өңірінің жер-су

атаулары табиғи орта, элеуметтік өмір және тарихи оқиғалар тоғысында қалыптасқан күрделі жүйе болып табылады. Топонимдер ғасырлар бойы аумақтың табиғи, экологиялық және этномәдени ерекшелігін сақтап, бүгінгі күнге дейін жеткен. Зерттеу нәтижелері Қорғалжың өңірі топонимиясының қазақ даласының тарихи жадын сақтау тұрғысынан аса маңызды екенін көрсетті.

Қорытынды

Қорғалжын өңірінің жер-су атаулары аймақтың тарихи дамуын, этникалық құрамын, мәдени дәстүрін және табиғи ортаға бейімделу механизмдерін жан-жақты сипаттайтын ерекше дереккөз болып табылады. Бұл топонимиялық жүйе ғасырлар бойы қалыптасып, табиғи орта мен адам қызметінің өзара байланысының күрделі бейнесін сақтап қалған. Зерттеу барысында анықталғандай, атаулар тек белгілі бір географиялық нысандарды белгілеу үшін ғана қолданылмаған; олар халықтың дүниетанымы, шаруашылық тәжірибесі, қоғамдық қатынастары мен тарихи жадын да бейнелеген. Аймақ гидрографиясы - топонимиялық жүйенің маңызды қабатының бірі. Нұра өзені, оның салалары және көптеген көлдер халықтың экономикалық өмірінде шешуші рөл атқарған. Көне арналар мен жағалық алқаптар табиғи суландыру жүйесін қалыптастырып, егін шаруашылығының дамуына мүмкіндік берген. Бұл - далалық өңірлер үшін сирек кездесетін құбылыс. Сонымен қатар Майбалық, Шортанбай сияқты көлдер атауы белгілі бір балық түрлеріне байланысты қалыптасқан, бұл өңірдегі балықшылық кәсіптің болғандығын көрсетеді. Су айдындары маңындағы кең шабындықтар жазғы жайлау ретінде пайдаланылып, көшпелі шаруашылықтың тұрақты элементіне айналған. Топонимдер табиғи ортаның құрылымы туралы да құнды мәлімет береді. Қамысты-сулы алқаптардың атаулары өңірдің экологиялық ерекшелігін көрсетеді және бұл жерлердің мал шаруашылығы үшін ғана емес, құрылыс материалдары мен отын көзі ретінде де маңызды болғанын айғақтайды. Нұра өзені тасыған уақытта кең шалғынға айналып, жазғы кезеңде жергілікті халыққа мол табиғи ресурс берген. Табиғат жағдайына бейімделу арқылы қалыптасқан мұндай топонимдер көшпелі мәдениеттің ландшафтпен үйлесімін көрсетеді. Тарихи-географиялық тұрғыдан алғанда да Қорғалжын өңірі қазақ тайпаларының қозғалысы, хандық кезеңдегі саяси оқиғалар және сыртқы күштермен қатынас тарихында ерекше орын алады. Бұл кеңістік Сарыарқаның орталық бөлігінде орналасқандықтан, Қазақ хандығы мен Сібір хандығы, кейіннен Ресей империясы арасындағы шекаралық аймақ қызметін атқарған. Мұнда болған шайқастар, әскери көшу жолдары, тарихи оқиғалар жер-су атауларында із қалдырған. Бытығай қаласы, Сұлу там, Сырлы там сияқты ескерткіштердің орналасуы да өңірдің ұзақ тарихи кезеңдерде маңызды стратегиялық нүкте болғанын дәлелдейді. Элеуметтік-мәдени мағынасы тұрғысынан алғанда, ауыл атаулары ерекше ақпарат береді. Олар ру-тайпалық құрылымның, шежірелік дәстүрдің және белгілі тұлғалардың есімдерін сақтаған. Әбдеш, Бек, Жүнісбек, Қорғанбай сияқты атаулар белгілі әулеттердің мекенін білдірген және бұл атаулардың тұрақты сақталуы көшпелі қоғамдағы элеуметтік құрылымның беріктігін көрсетеді. Осындай атаулар XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін өз мағынасын жоғалтпай, көптеген әкімшілік құжаттарда бірдей түрде кездеседі.

Қорытындылай келе, Қорғалжын өңірінің жер-су атауларын зерттеу - тек географиялық нысандар тізімін анықтау емес, сонымен бірге аймақтың тарихи эволюциясын, мәдени мұрасын, этнографиялық ерекшелігін және табиғи ландшафтпен өзара байланысын кешенді түрде қарастыру болып табылады. Картографиялық деректерді, архивтік материалдарды және ауызша мәліметтерді салыстыра отырып жүргізіліп, талдау өңір топонимиясының бірегей жүйе екенін көрсетті. Бұл атаулар қазақ халқының тарихи жадын, рухани мәдениетін, көшпелі өмір салтын және табиғатпен қарым-қатынасының дәстүрлі үлгілерін сақтап қалған құнды мұра болып табылады. Зерттеу нәтижелері Қорғалжын топонимиясын әрі қарай ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет екенін, оның қазіргі аймақтық жоспарлау, табиғатты қорғау және тарихи-мәдени мұраны сақтау саласында да маңызды орын алатынын дәлелдейді. Топонимиялық деректердің жүйелі түрде жиналуы және ғылыми айналымға енгізілуі болашақта өңір тарихының жаңа аспектілерін ашуға мүмкіндік береді.

Қолданған әдебиеттер тізімі

1. Артықбаев Ж.О. Есіл-Нұра - екі су. Ақмола облысы жер-су атауларының құпиясы. - Нұр-Сұлтан: ЕҰУ, 2021. - 368 б. 117 б
2. Табылдыұлы. “Сүгірұлы Әділда бай туралы мақала.” // Бостандық туы, 1925, №3, 3-б.
3. ҚР Ұлттық архиві. Қор 244, іс 261. “Қорғалжың болысы жөніндегі әкімшілік-құқықтық және статистикалық құжаттар” (1926-1927).
4. “Карта по Кургалджинской области.” НҚА, ф. 244, іс 19.
5. Ремезов С. Чертежная книга Сибири. - 1701 (1882 ж. қайта бас.), 50-б.
6. Краткая Сибирская летопись (Кунгурская). - 1880. - 87-б.
7. Номанн Ербен. Karte des Russischen Reiches. - 1739. Қолданылған бөлімдер
8. Көмеков Б.Е. “Көк теңіз”, “Қамысты көл” атаулары туралы.” - 2016.